

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN****SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL**

ISSN 2224-5308

Volume 3, Number 315 (2016), 73 – 77

THE SYNTHESIS OF THE DIBORIDE NANOPOWDER**G. K. Milieuva¹, Z. A. Mansurov², S. J. Lesbekov¹, D. E. Kudasova¹, D. A. Daulbai¹**¹M. Auezov South Kazakhstan state university, Shymkent, Kazakhstan,²Institute of Combustion Problems, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: dariha_uko @ mail.ru

Key words: diboride, nano, thermometer, x-ray analysis, self-propagating high-temperature synthesis.**Abstract.** Modern materials ensure the operation of machines and instruments at high temperatures, pressure, speed and aggressive environmental conditions. Among anoxic- and slowly floating materials that meet modern requirements, boride and boride containing materials are of particular importance.

For the synthesis of boride containing materials the best way is self-propagating high-temperature synthesis (SHS). Advantages of the SHS in comparison with the classical methods are that it is possible not to use large equipments and to obtain savings in energy, time since the SHS process occurs instantly and is the most advantageous in the synthesis of hard floating materials.

In this work we studied the problem of obtaining nanostructured titanium diboride by the method of SHS and its properties. It is installed dependence of output of the nanopowder on the concentration of sodium chloride and temperature of combustion of the starting materials.

ӨӨЖ 628.35

ДИБОРИД НАНОҮНТАҚТАРЫН СИНТЕЗДЕУ**Г. К. Майлиева¹, З. А. Мансуров², С. Ж. Лесбекова¹, Д. Е. Кудасова¹, А. Д. Дауылбай¹**¹М. Ауезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан,²Институт Проблем горения, Алматы, Қазақстан**Түйін сөздер:** диборид, наноұнтақ, пирометр, рентгенофазалы талдау жасау, өздігінен таралатын жоғары температуралы синтез.**Аннотация.** Заманауи материалдар машина жұмысын, жоғары температура, қысым, жылдамдықтағы аппаратура механизмін және қоршаған ортаның агресивті шартын қамтамасыз етуі қажет. Осы талаптарға жауап беретін оттексіз баяу балқытын қосылыстар ішінде борид және борид құрамды материалдар маңызды орын алады.

Борид құрамды отқа тәзімді материалдарды синтездеуде қазіргі кездे ең қолайлы тәсіл өздігінен таралатын жоғары температуралы синтез (ӨЖС) процесі болып табылады. Оның дәстүрлі әдістен айырмашылығы үлкен көлемді құрылғылармен жұмыс істемейді, сондыктан энергия шығымы аз жұмсалады және синтез уақыты өте қысқа, осыған байланысты ӨЖС-процесін қызын балқытын қосылыстар мен материалдар, яғни керамика, қатты құйма, жапқыш және тағы басқалар синтезінде кеңінен қолданылады.

Жұмыста нанокұрылымды титан диборидін өздігінен таралатын жоғары температуралы синтез әдісін қолдану арқылы алу мәселесі және материалдың қосымша беріктілік пен отқа тәзімділік қасиеттерінің артуы нақты зерттелген.

Титан диборидінің жану температураларының диаграммалары түрғызылу арқылы дибаридаң на-нобелшектерін алу процесі натрий хлоридінің концентрациясына жану температурасына тәуелді екендігі анықталды.

Кіріспе. Қазіргі заманғы материалдар машина жұмысын, жоғары температурада, қысымда, жылдамдықтағы аппаратура механизмін және қоршаған ортандың ағрасивті шартын қамтамасыз етуі қажет. Осы талаптарға жауап беретін оттексіз баяу балқитын қосылыстар ішінде борид және боридқұрамды материалдар маңызды орын алады [1]. Олар жоғары температурада жұмыс істеғендеге эрозиялық және коррозиялық тұрақты, салыстырмалы түрде жоғары электр және жылу өткізгіштік көрсетеді, түсті металдармен әрекеттеспейді, сұық және қызыған күйде механикалық өсерғе берік. Осы қасиеттеріне қарай металлургияда да кеңінен қолданылады.

Борид құрамды отқа төзімді материалдарды синтездеуде қазіргі кезде ең қолайлы тәсіл өздігінен таралатын жоғары температуралы синтез (ӨЖС) пронесі болып табылады. Оның дәстүрлі әдістен айырмашылығы үлкен көлемді құрылғылармен жұмыс істемегендіктен энергия шығымы аз кетеді және синтез уақыты өте қысқа, сондықтан ӨЖС-процессін қыынбалқитын қосылыстар мен материалдар, яғни керамика, қатты құйма, жапқыш және тағы басқалар синтезінде кеңінен қолданылады [2].

Жұмыста наноқұрылымды титан диборидін өздігінен таралатын жоғары температуралы синтез әдісін қолдану арқылы алу мәселесі және материалдың қосымша беріктілік пен отқа төзімділік қасиеттерінің артуы нақты зерттелген.

Титан диборидін түзілу механизмі оны синтездеудің әр түрлі әдістерінде әр алуан және әрбір нақтылы жағдайда жүретін процестердің кинетикалық факторларымен және бастапқы заттардың күйімен – ұнтақ бөлшектерінің ірілігімен, олардың тазалығымен және т.б. анықталады.

Шикізат ретінде: бор қышқылы, титан оксиді, магний ұнтағы қолданылады. Ұнтақ қоспалар арапастырылу, прессстелу арқылы алғанған үлғілер ауда ӨЖС жүргізуға жиберілді, аралық өнім қайта ұнтақталған соң тұз қышқылымен 1:1 қатынасында бейтарапталды [3].

Жану температурасы 600-ден 3000°С-ке дейінгі аралықтағы температураларды өлшеуға арналған Raytek 3-1M пиromетрімен өлшенді. Температуралы өлшеу кезіндегі қателік, өлшеу жүргізіліп жатқан температуралық интервалға байланысты. Соған байланысты 1500°С дейінгі температураларды өлшеуде қателік $\pm 0,5\%$ -ін, 1500–2000°С-ге дейінгі интервалда, алған температуралардың $\pm 1\%-ін$ құрайды, ал 2000°С-ден жоғары температураларды өлшеуде, алған температуралардың $\pm 2\%-не$ дейін жетуі мүмкін. Алған мәліметтерді, нақты уақыт арапалығында, компьютерден шығару үшін, прибордың қосымша стандартты PS-232C протоколын колданатын порты бар. Соның арқасында температуралы, экспериментті басынан аяғына дейін жүргізуде, қадағалауға болады. Прибордың температуралы табуының уақыт интервалы- 0,5 с-ті құрайды [4, 5].


Рентгеноқұрылымдық және рентгенофазалық анализ «ДРОН-4М» дифрактометрінде, $20^\circ \approx 10^\circ - 70^\circ$ интервалында жұмыс істейтін, кобальт C_oK_α сәулелермен шағылыстыру арқылы жасалынды.

Үлгілердің рентгенофазалық анализі

Үлгі № 1 (30% Mg, 25 атм)

Үлгінің нәтижесі:

| | |
|---|--------|
| TiB ₂ | 54,5 % |
| TiO ₂ -anatase..... | 42,6 % |
| Spinel (MgAl ₂ O ₄ -?)..... | 2,9 % |




1-сурет – Улгінің дифрактограммасы № 1 (30% Mg, 25 атм)

Улгінің нәтижесі:

| | |
|---|--------|
| TiB ₂ | 62,0 % |
| TiO ₂ -anatase..... | 22,6 % |
| Spinel (MgAl ₂ O ₄ -?)..... | 15,4 % |


Алынған шпинельдер MgAl₂O₄ дифрактограммасына өте ұқсас, ал MgTi₂O₄ және Mg₂TiO₄ мүлдем ұқсамайды.



2-сурет – Улгінің дифрактограммасы № 2 (30% Mg, 15 атм)

Рентгенофазалық анализ нәтижесі бойынша TiB_2 – 54,5 % құрайды.

Жүйедегі компонентердің массалық үлесінің өзгерісі процестің жүруіне әсерін тигізетіндігі байқалды. Жүйедегі Mg-дің массалық үлесін 20-35% аралығында өзгерте отырып процестің жүрілуінің белсенді аумагы анықталды. Осы анықталған аумақта (25-30%) процестің жүру қарқындылығы артып, температураның максималды мәні анықталды. Сонымен қатар, алынған диборидті зерттеу нәтижесінде оны синтездеу процесі $NaCl$ қоспасының концентрациясына тәуелділігі байқалды. Оның оптимальді концентрациясын анықтауга тәжірибе жасалды, температура-концентрация тәуелділігі қарастырылды.




3-сурет – $TiO_2 + 2H_3BO_3 + 5Mg + 2NaCl$ жүйесінің атмосферадагы сызбасы:
1 көк сызық – 5% $NaCl$; 2 қызыл сызық – 10% $NaCl$; 3 жасыл сызық – 15% $NaCl$

Жоғарыдагы графикте көрсетілгендей $NaCl$ -дің жүйе құрамындағы массалық үлесінің артуына байланысты үлгілердің жану температурасы жоғарылаپ, процестің жылдамдығы артты. Жану процестерінде алғашқы толқын тарауларын стационарлы режимінің жеке еместігі анықталды.

Электрондық-микроскопиялық анализ электрондық жарық өткізгіш Jem-100CX; U-100kv микроскопында жүргізді.

Электронды микроскопта жасалған анализ нәтижесінде ӨЖ-синтез және қышқылмен өңдеуден соң диборид титанниң TiB_2 наноөлшемді бөлшектері түзілгендігі анықталды:



СЭМ нәтижесі бойынша біркелкі емес 100 нм 2 мк дейін тұтікше формалы диборид нанобөлшектері алынды.

Сонымен, үлгілердің жану температуралының диаграммалары тұрғызылу арқылы дибариждің нанобөлшектерін алу процесі натрий хлоридінің концентрациясына жану температурасына тәуелді екендігі анықталды. 15% пайыздық натрий хлориді 1529°C ғрадус температурада өнімнің шығымы көп және қаттылық қасиеттері жоғары болатындығы көрсетілді.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Сычев А.Е., Мержанов А.Г. Самораспространяющийся высокотемпературный синтез наноматериалов // Успехи Химии. – 2004. – Т. 73, № 2. – С. 157-158.
- [2] <http://www.lgz.ru>.
- [3] Еремин В.В., Дроздов А.А. Нанохимия и нанотехнологии. – М.: Дрофа, 2009.
- [4] Получение и исследование наноразмерных частиц Fe_3O_4 с сильным магнетизмом / Guo Can-Xiong, Duan Xue, Zhang Mi-lin. // Fine Chem. – 2002. – 19, № 12. – Р. 707-710. (РЖХ 2003-10B2.625).
- [5] Пат. 2194666 РФ. Наноструктурные окиси и гидроокиси и способы их синтеза / Т.Д. Ксиао, П.Р. Стратт, Б.Х. Кеар, Х. Чен, Д.М. Вонг; заявл. 18.11.97.; опубл. 20.12.02., БИ № 35.

REFERENCES

- [1] Sychev A.E., Merzhanov A.G. Samorasprostranjajushhijja vysokotemperaturnyj sintez nanomaterialov // Uspehi Himii. 2004. T. 73, N 2. P. 157-158.
- [2] <http://www.lgz.ru>.
- [3] Eremin V.V., Drozdov A.A. Nanohimija i nanotehnologii. M.: Drofa, 2009.
- [4] Poluchenie i issledovanie nanorazmernyh chastic Fe_3O_4 s sil'nym magnetizmom. /Guo Can-Xiong, Duan Xue, Zhang Mi-lin. // Fine Chem. 2002. 19, N 12. P. 707-710. (RZhH 2003-10B2.625).
- [5] Pat. 2194666 RF. Nanostrukturnye okisi i gidrookisi i sposoby ih sinteza / T.D. Ksiao, P.R. Stratt, B.H. Kear, H. Chen, D.M. Vong; zjavl. 18.11.97.; opubl. 20.12.02., BI № 35.

СИНТЕЗ НАНОПОРОШКА ДИБОРИДА

Г. К. Майлиева¹, З. А. Мансуров², С. Ж. Лесбекова¹, Д. Е. Кудасова¹, А. Д. Дауылбай¹

¹ЮКГУ им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан,

²Институт Проблем горения, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: диборид, нанопорошок, пиromетр, рентгенофазовый анализ, самораспространяющийся высокотемпературный синтез.

Аннотация. Современные материалы должны обеспечивать работу машин и аппаратур при высоких температурах, давлении, скорости и агрессивных условиях окружающей среды. Среди бескислородно- и медленноплавающих материалов, соответствующих современным требованиям, барид и боридсодержащие материалы имеют особое значение.

Для синтеза боридсодержащих материалов самым выгодным способом является самораспространяющийся высокотемпературный синтез (СВС). Преимущества СВС по сравнению с классическими методами заключается в том, что можно не пользоваться большегабаритными оборудованием и получить экономию в количестве энергии, во времени, так как процесс СВС протекает мгновенно и является самым выгодным при синтезе трудноплавающих материалов.

В работе изучены проблемы получения наноструктурного диборида титана методом СВС и его свойства. Установлена зависимость выхода нанопорошка от концентрации хлорида натрия и температуры горения исходных материалов.

Поступила 04.05.2016 г.